Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Алакөл ауданы әкімдігінің «Ушарал қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Талдыкорган-Ушарал» газқұбырының" жол берілетін шығарындылар нормативтері және қалдықтарды басқару бағдарламасы

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы РГ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Жетісу облысы, Алакөл ауданы.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: ҚР, Жетісу облысы - Ескелді ауданы, Ақсу ауданы, Сарқан ауданы, Алакөл ауданы.

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: "Интергаз Орталық Азия "АҚ" Алматы "магистральдық газ құбырлары басқармасы" филиалы, Мамбеков Б. К., эл.пошта: Mambekov@ica.kz, тел: +7 777 557 53 33.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«КАЗЭКОАНАЛИТИКА» ЖШС, эл. пошта: kazeco2302@gmail.com, тел: +7 7472210501 (БИН: 130140014396), Абдраманов Ш.А.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

2026 жылғы 31 наурыз сағат 12:00-де ҚР, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ушарал қаласы, Қонаев көшесі 74, акимат ғимараты.

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымша 1

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымша 2

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:
Жетісу облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет, 19 ақпан, бейсенбі, 2026 жыл №20 (19591). Қосымша 3

«Телерадиокомпания «Жетісу» ЖШС, 19 ақпан 2026 ж. Қосымша 3

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 2026 жылғы 31 наурыз сағат 12:00-де ҚР, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ушарал қаласы, Қонаев көшесі 74, акимат ғимараты мекенжайы бойынша 2 дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
Бірауыздан хатшы – А.Сыдык қолдады (14 қатысушы үшін)

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар регламентті (14 қатысушыға) бірауыздан бекітті.

Қоғамдық тыңдаулар бірауыздан өтті деп танылды (14 қатысушы үшін).

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:12 беттік презентация. Қосымша 4

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Ұсыныстар жоқ

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

Мен, Алакөл ауданының ТЧКШ, ЖК, АЖ и ТЧИ - бөлімінің бас маманы Омарқанұлы Абай

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:
Алакөл ауданының ТЧКШ, ЖК, АЖ и ТЧИ бөлімі бас маманы
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:
Сидиқ Азамат Нұрқалитұлы Сидиқ
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)
31.03.26

19. Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

| № пп | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
| --- | --- | --- | --- |
| | Жоқ | | |

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

«2025-2034 жылдарға арналған Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы жобасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және жұмыс жобасы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі» **«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Алматы» Магистральдық газ құбырлары басқармасы» филиалы**

| № п/п | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) қатысушы | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Омаржанулы Абай | | 87077469535 | очно | |
| 2 | Болатов Аскар | | 87756903499 | очно | |
| 3. | Дүйсенбаев Даяс | | 87012553355 | очно | |
| 4 | Бекмурзаев Тасмин | | 87771688 62 66 | | |
| 5 | Алматов Бауыржан | | 87788289972 | очно | |
| 6. | Сатыбалдиев Янус | | 87777433554 | очно | |
| 7 | Токанова Еңлік | | 877658292 | очно | |
| 8. | Нурлыхожа Саякен | | 87080700128 | очно | |
| 9. | Маманова Жадыра | | 87016751445 | очно | |
| 10. | Жумашова Мөлдір | | 87756395163 | очно | |
| 11 | Мокенов Адилет | | 87007117271 | очно | |
| 12 | Смагзамиев Ю.Ф | | 8701022282 | очно | |
| 13 | Кемелхан Толғат | | 87783426446 | очно | |
| 14 | Цой Борис Григорьевич | | 87012565445 | очно | |

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 26151133001, Дата: 11.02.2026

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Жетісу, Ескельдинский район
область Жетісу, Саркандский район
область Жетісу, Аксуский район
область Жетісу, Алакольский район

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
Предмет общественных слушаний: Проект нормативов допустимых выбросов для газопровода «Талдыкорган-Ушарал», Программа управления отходами для газопровода «Талдыкорган-Ушарал»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Жетісу, Алакольский район, Ушаральская г.а., г.Ушарал, ул. Конаева 74, акимат, 31.03.2026 12:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
газета Жетысу; Телеканал Жетысу

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

г.Ушарал, здание Акимата

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания

общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Филиал ""Управление магистральных газопроводов ""Алматы"" акционерного общества ""Интергаз Центральная Азия"" (БИН: 030641001991), +7(707)-403-35-77, g.zhilkibayeva@ica.kz, www.ica.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "КазЭкоаналитика"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 26151133001, Дата: 17.02.2026

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26151133001, от 11.02.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проект нормативов допустимых выбросов для газопровода «Талдыкорган-Ушарал», Программа управления отходами для газопровода «Талдыкорган-Ушарал», в предлагаемую Вами 31.03.2026 12:00, область Жетісу, Алакольский район, Ушаральская г.а., г.Ушарал, ул. Конаева 74, акимат(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

---

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Филиал ""Управление магистральных газопроводов ""Алматы"" акционерного общества ""Интергаз Центральная Азия"" (БИН: 030641001991), +7(707)-403-35-77, g.zhilkibayeva@ica.kz, www.ica.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "КазЭкоаналитика"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
ELECTION.GOV.KZ
Важен голос каждого из нас!

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

19 ақпан,
бейсенбі,
2026 жыл
№20 (19591)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

РАМАЗАН

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти

# ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

*Аса рақымды, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға тән! Ардақты Пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!*

## Ардақты ағайын, қадірлі жамағат!

Сіздерді исі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Алла Тағала қасиетті айда ұстайтын оразамызды, ізгі амалдарымызды қабыл етіп, мол сауаптан жазғай.

Ораза – ең алдымен жүректің амалы. Рамазан – жүректі тазартуға, ниетті түзетуге, нәпсіні тәрбиелеуге және тақуалыққа жетуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Оразаның шынайы рухын түсінген адам ас пен судан тыйылуды басты мақсат етпейді. Ауыз бекітудегі негізгі мақсат – жүректі Аллаға жақындатып, ой мен жүректі түрлі дерттен тазалау, ішкі жан дүниені көркем мінезбен безендіру.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағаланың назары жүректе болатындығын баяндап: *«Расында Алла Тағала сендердің бейнелерің мен дүниелеріңе назар аудармайды, алайда жүректерің мен амалдарыңа назар аудара-ды»,* – деген. Шын мәнінде оразаның шынайы сауабы – аштықта емес, тақуалықта.

Өйткені Алла Тағала қасиетті Құранда «Бақара» сүресінің 183-аятында: *«Уа, иман еткендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы (асау нәпсіні тізгіндеп), күнә атаулыдан сақтанып, тақуалыққа жетерсіңдер»,* – деп айтқан.

Сан ғасырдан бері Ислам дінін рухани тірегі еткен халқымыз берекелі Рамазан айын ерекше дайындықпен күтеді. Сауаптар еселеніп жазылатын айда ауызашар беріп, көмекке мұқтаж жандарға қайырымдылық жасап,үлкендердің алғысы мен батасын алуға тырысады. Аллаға шүкір, оразада игі ниетпен орындалатын ізгі амалдар бүгінде салт-дәстүрімізге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Осы ретте барша отандастарымды Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қасиетті айда ұйымдастыратын қайырымдылық іс-шараларына үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Рамазан айына тура келген құдайы астарды ауызашар уақытында өткізіп, көбірек сауап алуға тырысайық.

Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да – сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз.

Берекелі, сауабы мол айда Алланың мейіріміне бөленіп, әрбір ізгі амалымыздың жақсылығы еселеніп жазылғай! Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай! Жаратушы Жаббар Иеміз келер жылғы Рамазан айына аман-есен жетуімізді нәсіп еткей! Әумин!

Kaspi QR

ГАЗЕТКЕ KASPI QR АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

**Құрметті оқырман!**

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болып, сан саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіңізді толғандырған сауалдарға жауап іздесеңіз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тамыры терең тарихымыздан нәр алуды ойласаңыз облысымыздың төл басылымы, қазақ баспасөзінің атасы «Jetisý» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіз.

**Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуыңызға болады:**

**8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909.**

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі, Коалиция төрағасының орынбасары Аида Балаева облысқа арнайы іссапармен келді. Осыған орай Талдықорған қаласындағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы алаңында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының жұмысы шеңберінде облыс активімен кездесу өткізіп, жаңа Конституция жобасы мен саяси жүйенің басты өзгерістерін талқылады. Іс-шара жаңа Конституция жобасы мен алда болатын республикалық референдум бойынша түсіндіру жұмысының бөлігі ретінде ұйымдастырылды.




# МАҢЫЗДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАДАМ

Айдар ҚАЛИЕВ

Аида Ғалымқызы өз сөзінде реформаның саяси-әлеуметтік мәніне кеңінен тоқтала келе, Мемлекет басшысының ұйытқы болуымен қолға алынған өзгерістер мемлекеттік басқарудың әділ, орнықты әрі тиімді моделін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Кең көлемді реформалар пакетінің басты ережелерінің бірі ретінде бір палаталы Парламенттің құрылуын тілге тиек етіп, бұл өз кезегінде институттардың жауапкершілігін күшейтіп, заңнамалық үдерісті жеделдете түсетінін айтты.

*«Мемлекет басшысының референдум өткізу туралы шешімі азаматтардың тікелей таңдауы арқылы тағдыршешті өзгерістерді бекітуге бағытталған маңызды демократиялық қадам деп есептеймін. Референдум – жай ғана формалды процедура емес, ол – стратегиялық маңызы зор шешімдерді қабылдауға халықтың тікелей қалысуының тиімді тетігі»,* – деп атап өтті Аида Балаева.

Ел тарихынан орын алған маңызды сәтте әркім өз таңдауын жасауға құқылы. Жиында сөз алған Мәжіліс депутаты Болат Керімбек жаңа жобаның әлеуметтік және құндылық тұрғысындағы ерекшелігіне тоқталды. Оның айтуынша, адамдар Конституцияны қауіпсіздік пен әділдіктің іс жүзіндегі кепілдігі ретінде сезінуге тиіс. *«Референдумда таңдау жасау – өз тағдырың үшін әрі мемлекеттің болашағы үшін жауапкершілік. Өйткені Конституция – мемлекеттің ғана емес, әрбір отбасының да қорғаны»,* – деп атап өтіп, қоғамдық келісім мен ұлттық құндылықтарды нығайтудың маңызын еске салды.

Жаңа жобаны талқылау жиынына Мәжіліс депутаты Никита Шаталов, Абай атындағы ҚазҰПУ басқарма төрағасы – ректоры Болат Тілеп, «Қазақстан халқына» ҚҚ басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ басқарма төрағасы Жұлдызай Ысқақова, облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт қатысты.

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің басқарма төрағасы – ректоры Болат Тілеп жаңа Конституцияның маңызы мен мазмұны туралы ойымен бөлісті.

*«Жаңа Ата Заңның мазмұнында «Әділетті Қазақстан» идеясының арман-мұраты, мүмкіндіктері мен жауапкершілігі, сауалдары мен жауаптары көрініс тапқан. Ұсынылып отырған өзгерістердің терең мағынасы мен тарихи маңызын осыдан көремін»,* – деп атап өтті ол.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ басқарма төрағасы Жұлдызай Ысқақова неке институтын конституциялық тұрғыда нығайту мәселесін көтеріп, мемлекеттің құқықтық және қоғамдық негіздерін дамытудағы аталған нормалардың маңызын тілге тиек етті.

*«Некені ер мен әйелдің еркін әрі тең құқылы одағы ретінде конституциялық тұрғыда бекіту қоғам тарапынан қолдау тауып отырған неке моделін жоғары заңдық күші бар норма ретінде бекітуге, мемлекеттік органдардың құқық қолдану және профилактикалық қызметі үшін бірыңғай бағдар қалыптастыруға, некеге мәжбүрлеудің кез келген формасына қатысты нөлдік төзімділікті қамтамасыз етуге, отбасы институтын ұзақ мерзімді орнықты қазақстандық қоғамның негізі ретінде нығайтуға мүмкіндік береді»,* – деп түсіндірді Ж. Ысқақова.

Облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт Парламент атауының Құрылтай болып өзгеруі жайындағы бастаманың маңызы туралы айта келе, оның тарихи әрі рухани терең мәніне назар аударды. «*Біз де Парламенттің Құрылтай деп аталуы туралы бастаманы жай ғана атын ауыстыру емес, тарихи тамырымызға қайту әрі ұлттық бірегейлікті бекіту ретінде қараймыз. Бұл – біздің мемлекеттілік дәстүрлеріміздің жаңғыруы мен дамуы»,* – деді.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева жаңарған Ата Заңның басты ережелеріне қатысты ойын білдіріп, мемлекеттің құндылықтық бағдарларын нығайту мәселесіне ден қойды.

*«Әділдік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау Конституция деңгейінде тұңғыш рет бекітіліп отыр. Мемлекеттік биліктің қайнар көзі Қазақстан халқы екені айқын жазылды. Басты идея – білімнің, ғылымның, мәдениет пен инновацияның, сондай-ақ адами капиталдың дамуына басымдықтың берілуі»,* – деп атап өтті.

Кездесу соңында аймақтық актив тарапынан қатысушылар сұрақтарын қойып, түсіндіру жұмысы бойынша ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ, азаматтардың референдумға қатысуының маңызын атап өтті.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫ

*Жаңа Конституция – еліміздің қазіргі саяси-құқықтық даму кезеңін айқын көрсетеді. Онда Әділетті Қазақстанның негізгі конституциялық құндылықтары нақты бекітілген. Бұл құндылықтардың негізінде – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары тұр.*

«Әділетті Қазақстан» құндылықтары мен «Заң мен тәртіп» қағидалары нығайтылды. Сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары басымдылығы нақты айқындалды.

Қазақстан Республикасы қызметінің негізін қалаушы қағидаттары қайта пайымдалып, түбегейлі түрде кеңейтілді: егемендік пен тәуелсіздікті қорғау, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру. Сондай-ақ жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясын ілгерілету, қоғамдық диалогты дамыту, еңбекқорлық, прогресс пен білім құндылықтарын орнықтыру, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау басым бағыттар ретінде айқындалды.

Аталған қағидаттардың мәні терең және олар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітіліп отыр. Әрқайсысы қоғамның сұранысын білдіріп, Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған дәйекті стратегиялық бағытты айқындайды.

Қазақстанның сыртқы саясатының негіздері өзектендірілді. Олар – халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтеу, сыртқы саясатты бейбітшілік пен ынтымақтастық рухында жүргізу азаматтың негізгі құқықтарының барлық санаттарының мазмұны – жеке, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтар – тиісті кепілдіктерді бекіту арқылы жаңартылды.

Жеке адамның қол сұғылмаушылығына берілетін кепілдіктер күшейтілді. Атап айтқанда, адам қадір-қасиетімен қатар ар-намысының қол сұғылмаушылығы танылды, цифрлық дәуірде дербес деректерді қорғау және процестік ықпал ету шараларын қолдану кезіндегі адам құқықтары қамтамасыз етіледі.

Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің стратегиялық дамуының мақсаттарына сай келіп, негізгі қоғамдық-саяси институттарды түсіну және олардың даму перспективаларына қатысты заманауи концептуалды тәсілдерді қамтиды.

Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің стратегиялық даму міндеттеріне жауап бере отырып, негізгі қоғамдық-саяси институттарды түсіну және олардың даму перспективаларын бағалау үшін заманауи тұжырымдамалық тәсілдерді қамтиды.

Барлық новелла адам құқықтарын толық іске асыруға және Конституцияға негізделген құқық үстемдігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Олар «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» концепциясының логикасына сай келеді.

Елдің жаңа Негізгі Заңы қоғам мен мемлекет эволюциясының сапалы жаңа кезеңін бастауға берік негіз қояды.

**Жандос БЕКСҰЛТАН,**
**облыстық Әділет департаментінің басшысы**

# БІЛІМНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

*Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасында білім беру, адам капиталы, ғылым және инновация мемлекеттің стратегиялық даму бағыттары ретінде айқындалуы – еліміздің болашағына бағытталған маңызды қадам. Аталған ұстанымдар білім беру жүйесінің, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің қоғамдағы рөлін айқындай түседі.*

Конституция жобасында мемлекеттің кәсіби және техникалық білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуі, тұлғаның дамуы мен кәсіби даярлығына жағдай жасауы негізгі міндет ретінде белгіленген. Бұл нормалар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, оның ішінде колледждердің қызметін құқықтық тұрғыдан нығайтып, оларды еңбек нарығының сұранысына сай білікті кадрлар даярлаудың маңызды буыны ретінде бекітеді.

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі үшін бұл өзгерістер ерекше мәнге ие. Конституциялық деңгейде білімнің стратегиялық басымдық ретінде танылуы колледждерде жұмысшы және техникалық мамандықтарды, сондай-ақ, заманауи IT және цифрлық бағыттарды жүйелі түрде дамытуға берік негіз қалайды. Бүгінгі таңда колледжде оқу бағдарламаларын жаңарту, практикалық бағыттағы пәндердің үлесін арттыру, дуалды оқытуды кеңейту және цифрлық құзыреттерді қалыптастыру бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде.

Колледжде білім беру үдерісін цифрландыруға ерекше көңіл бөлінуде. Электрондық білім беру ресурстары, ақпараттық жүйелер, цифрлық платформалар кезең-кезеңімен енгізіліп, студенттердің IT дағдыларын дамытуға бағытталған оқу ортасы қалыптастырылуда. IT мамандарын колледж деңгейінде даярлау заңды әрі өзекті бағыт ретінде қарастырылып, цифрлық мамандықтар техникалық және кәсіптік білім берудің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Конституция жобасында жеке өмірге қол сұқпаушылық пен дербес деректерді, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану жағдайында қорғау нормаларының бекітілуі білім беру саласын цифрландыру үшін маңызды құқықтық алғышарт саналады. Бұл колледжде цифрлық шешімдерді қауіпсіз және жауапты түрде енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, Конституция жобасында бекітілген білім беру мен цифрлық құқықтарға қатысты нормалар техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртуға, оқу бағдарламаларын цифрлық экономиканың талаптарына бейімдеуге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға жол ашады.

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі білім беру саласына қатысты ұсынылып отырған конституциялық нормаларды қолдай отырып, оларды заманауи, тұрақты және болашаққа бағдарланған техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қалыптастырудың маңызды құқықтық негізі деп санайды.

**Шыңғыс НҰРҒОЖАЕВ,**
**Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің директоры**

# ҚҰҚЫҚТЫ НАҚТЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН

*Конституциялық комиссия барлық түскен ұсыныс пен талқылау негізінде өзара келісілген және Конституция мәтініне енгізілген түзетулердің жинақталған жобасын дайындады.*

Ұсынылып отырған жобада кіріспе, 11 бөлім және 95-бап бар (қолданыстағы редакцияда – Кіріспе, 9 бөлім және 101 бап).

Екі жаңа бөлім енгізілді: «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу». Төрт бөлімнің атауы өзгерді: «Жалпы ережелер» – «Конституциялық құрылыс негіздері», «Адам және азамат» – «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер», «Парламент» – «Құрылтай», «Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» – «Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері». 77-бапқа түзету енгізілді, бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды.

Осылайша өзгерістер мен толықтырулар Негізгі Заңның барлық бөлімін қамтиды. Бөлімдердің атауларын өзгерту немесе баптардың тұжырымдарын нақтылау – жай редакциялық түзету емес, бұл тұжырымдамалық тәсілді жаңартатын, құқықтық нақтылықты күшейтетін және Негізгі Заңның сапасын арттыратын терең ойластырылған қадам.

«Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес, егер нормативтік-құқықтық актінің мәтініне оның жартысынан астамын қамтитын өзгерістер немесе толықтырулар енгізілсе, оның жаңа редакциясы қабылданады. Осыны, ұсынылып отырған өзгерістердің ауқымы мен мазмұнын ескере отырып, қазіргі заман талабына, қоғам қажетіне және мемлекеттің стратегиялық даму мақсатына сай келетін Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясын қабылдау орынды әрі негізгі болды.

Демек, сөз жекелеген түзетулер туралы емес, Негізгі Заңның мазмұны мен тұжырымдамалық негізін түбегейлі өзгертетін терең конституциялық жаңғырту туралы болып отыр.

**Дәурен ОҢАЛБАЕВ,**
**облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры**

ӨЗЕКТІ

# СУ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Алакөл ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің ұйымдастыруымен аудан шаруа қожалықтары басшыларына су пайдалану саласындағы цифрландыру және электрондық келісімшартқа көшу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.**

Қажет АНДАС

Жиын барысында су ресурстарын тиімді пайдалану, келісімшарттарды электронды форматта рәсімдеу тәртібі және саладағы жаңа талаптар кеңінен талқыланды. Басқосу суармалы егіншіліктің маңыздылығы артып отырған кезеңде су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру мен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталды.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Әли Сембаев су пайдалану жүйесін цифрландыру – саладағы тәртіпті күшейтіп, нақты есеп жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды қадам екенін атап өтті.

*– Бүгінде су көлемін есепке алу, келісімшарттарды уақытылы рәсімдеу және төлем тәртібін реттеу мәселелері өзекті. Электрондық форматқа көшу – адами факторды азайтып, процесті жеңілдетеді әрі шаруаларға қолайлы жағдай жасайды,* – деді ол.

«Қазсушар» РМК Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Думан Сайламбаев су жеткізу қызметінің жаңа талаптары мен тарифтік саясаттағы өзгерістерге тоқталды. Оның айтуынша, электрондық келісімшарттар су беру кестесін нақтылауға және тұтынушылармен жұмысты жүйелеуге мүмкіндік береді.

*– Су – стратегиялық ресурс. Әр текше метрдің есебі болуы тиіс. Цифрландыру арқылы біз су шығынын азайтып, әділ бөлуге қол жеткіземіз,* – деді ол.

Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Балқаш – Алакөл бассейндік инспекциясы мемлекеттік бақылау бөлімінің бас маманы Бағжан Керімханов су заңнамасын сақтау мәселесіне ерекше тоқталды.

*– Су пайдалану талаптарын бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеледі. Сондықтан келісімшарттарды заң талаптарына сай рәсімдеу және бекітілген лимиттен аспау әр шаруаның міндеті,* – деп ескертті маман.

Алакөл өндірістік учаскесінің су нысандарын пайдалану бөлімінің инженері Аслан Омаров техникалық тұрғыдағы жаңашылдықтарға тоқталып, су беру жүйесіндегі автоматтандыру элементтері кезең-кезеңімен енгізіліп жатқанын жеткізді.

*– Алдағы уақытта су есептегіш құрылғыларын жаңарту және нақты мониторинг жүргізу жұмыстары күшейтіледі. Бұл суды тиімді пайдалануға оң әсерін тигізеді,* – деді инженер.

Жиын барысында шаруалар тарапынан электрондық келісімшарт жасау тәртібі, құжаттарды рәсімдеу мерзімі және су беру кестесіне қатысты сұрақтар қойылып, сала мамандары тарапынан нақты жауаптар берілді.

Жалпы, аталған түсіндіру жұмыстары су ресурстарын ұтымды пайдалану, цифрлық жүйеге көшу және ауыл шаруашылығы саласында ашықтық пен тәртіпті күшейту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланды.

***Алакөл ауданы***

ЭНЕРГЕТИКА




**Жаңалыққа жаны құмар жаркенттіктер заманауи технология төңкерісіне үн қосып, сұйытылған табиғи газ бен күн нұры арқылы электр қуатын беретін батареялар стансысын үндестіріп, арзан қуат көзін өндіретін зауыттар сала бастады.**

Жаңа жоба өңірдегі өндіріс орындары мен тұрғындарды қосымша электр қуатымен қамтамасыз етіп, көптеген жұмыс орнын ашпақ. Бұл жаңалық соңғы жылдары ауданның озық технологиялары топтасқан өңірге айналғанын аңғартады. Мұндағы «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында осы күнге дейін салынып, жұмыс істеп жатқан зауыт, фабрикаларға қосымша екі индустриялық-инновациялық жобалар жүзеге аспақ. Күн энергиясы арқылы 20 МВт электр қуатын беретін стансы мен табиғи газды сұйылтатын зауыт құрылысын іске қосу арқылы өңірдегі электр қуатына деген тапшылық пен бағаны төмендету еңсерілмек.

*– Қазір жалпы аумағы 40 гектар жерді алып жатқан жаңа қуат көзіне арналған стансы құрылысы басталды. Онда жоғары технологиялық үлгідегі күн батареялары орнатылуда. Жобалау жұмыстарын «Jetysu terra power» компаниясы атқарады. Бұл қолданылып жүрген қарапайым стансы емес, әлемдік жетістіктермен жарақтанған қондырғылар,* – дейді болашақ кәсіпорын жетекшісі Серікбай Көбелеков.

Фотоэлектрлік қондырғы жүйесі сапасы жоғары жарық береді. Термотөзімділікпен өңделген әйнектерден жасалған панельдер шыдамды әрі экологиялық стандарттарға сай. Нысанды іске қосу наурыз айының соңында жүзеге асырылады. Электр қуатына тапшылықты сезіне бастаған арнайы экономикалық аймақтағы өндіріс орындарын қамтамасыз етуге сенімділікті арттырумен қатар, жергілікті энергетикалық нарықтағы ортада бәсекені жоғарылатады. Оның электр қуатын арзандата түсуге сеп болары сөзсіз.

Салынып жатқан табиғи газды сұйылтатын зауыттың да стратегиялық маңызы зор. Ол өзіне қажет табиғи газды аудан аумағынан өтетін табиғи газ құбырынан алып, бастауында бірден сұйылтатын болады. Зауыттың сұйытылған газ өңдеу қуаты жылына 1 миллион текше метрді қамтымақ. Өндіріс орнына қажет 387 гектар жер жаңа кәсіпорынға бөлініп берілді. Мамандар зауыт іргетасы мен конструкцияларын орната бастады.

**Мырзағали НҰРСЕЙІТ**
***Панфилов ауданы***

ТАҒЫЛЫМ



# Ғибраты мол ғұмыр

*Сарқан ауданының Құрметті азаматы, ауданның ауыл шаруашылық саласына ұзақ жылдан бері өз үлесін қосқан абыз ақсақалымыз Болат Рахметқалиев 90 жасқа толды. Қанша жылдан бері осы өңірдің өткенінің куәгерімен жиі жүздесіп, сұхбаттасудан шаршамаппын. Мұндай дидарласуда бұл кісі ойлы-қырлы ұзақ жолының қуаныш-қызығын, арманы мен азабын, өкініші мен өксігін, күйініші мен сүйіништерін әңгімесіне арқау етеді.*

Бір барғанымда өзі ұдайы жаздырып алатын газеттердегі сөзжұмбақтарды шешіп отыр екен. Қарасам барлық сауалдың жауабы айқын жазылыпты. Кідірмей, мүдірмей берілген тақырыпты еңсеріп шығу екінің бірінің қолынан келмейді ғой. *«Миымның үздіксіз жұмыс істеуін бақылау үшін осылай сөзжұмбақ, ребустарды шешу қолайлы екен» ,*– дейді ағамыз.

Келесі бір жолы шежірені толықтырып, естелік жазбаларын жаңғыртып отырған үстіне дәл келдім. Ата-анасы, балалары туралы кеңінен әңгімеледі осы жолы.

*– Адам тәрбиесінің қалыптасуы біріншіден ата-анасына байланысты. Екінші – ұстазынан алған білімі, үлгісі. Үшінші – өскен ортадағы жолдастары, үлгі тұтатын үлкен адамдар. Менің пайымдауымша, осы үш негіз адамның қалыптасуына зор әсер етеді,* – дейді.

Болат ақсақал 1936 жылы 26 ақпанда Сарқан ауданының Белсенді ұжымшарында дүниеге келіп, осы ауылда 4 сыныпты аяқтап, еңбекпен көзін ашып, тәрбиеленген ұрпақтың өкілі. 1953 жылы Сарқандағы Абай атындағы орта мектебін бітіріп, Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1959 жылы осы институттың инженер-механикалық факультетін тамамдаған ол мамандығы бойынша абыройлы қызмет атқарды. Шаруашылықтарда, «Казсельхозтехника» бірлестігінде бас инженер, осы бірлестіктің басқарушысы, аудандық тұтынушылар қоғамы автокөлік базасының директоры, бөлімше басқарушысы сынды қызметтердің қай-қайсысында да біліктілік танытып, биік белестен көрінді. Ұзақ та мағыналы ғұмырының айғағындай өңірін медальдар мен төсбелгілер өрнектеген ақылман ақсақалдың кейінгі буынға айтары көп.

Әкесі Рахметқали Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, 1944 жылы хабарсыз кетіпті. Сол өңірдің бетке ұстар азаматы болған. Шатырбайдағы анау жылдардағы ескі көздер Бөкенді көрсе құрақ ұшып, әкесінің азаматтығын айтып тауыса алмайтын. Құдай берген балаларына ғана емес, сол маңайдағы жетім-жесірлерге қамқор болып, бауырына басып, қанаттандырғаны елдің есінен кете ме? Әкеден 5 жасында қалған біздің кейіпкеріміз ер мен әйелдің жүгін көтеріп, соғыс жылдарында ұжымшардың мал шаруашылығын басқарған шешесі Биғайшаның тәлім-тәрбиесімен өседі. Қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады. Еркелетіп өсірген жоқ, еңбекпен шыңдап жетілдірді. Оқуын қадағалап жүріп, мектептен соң қолда бар малын сатып, жоғарғы оқу орнына екі-үш айға жететін азығын қамдап аттандырды. Осынау ұзақ ғұмырында анасының өнегесін бір сәт те естен шығармағанын мақтан тұтады ол.

*– Аудан деңгейінде қызмет етіп жүргенде адам болып қалыптасуыма әсер еткен үлкендер аз болған жоқ. Менен 13-20 жас үлкен болса да сол кісілермен етене араластық. Жассың деп мені қатарларынан шеттетпеді. Бұл арада ең алдымен ойыма аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мейіртай Әділтайұлы оралады. Ол кісі біздің ауданға бірінші басшы болып келген кезде қазақ кадрлары жоқтың қасы еді. Осы 1963-1970 жылдар аралығында ауданға қазақ кадрлары көптеп тартылды. Мен осы ағайымыздан әр сөзге мән беруді, аз сөйлеп, көп тыңдауды үйрендім. Қызметке уақытымен келуді, тәртіпті қатаң сақтауды, орынды шешім қабылдауды, қол астындағы адамдарға кекетпей, кемітпей, айтқанын бұлжытпай орындатуды үйрендім* – дейді Болат Рахметқалиұлы.

Сол жылдары аудан прокуроры Бияхмет Сарымсақов, сот төрағасы Қанай Сүлейменов, аудандық оқу бөлімінің бастығы Мардан Бекмұханбетов, аудандық партия комитетінің хатшылары Қали Нүкенов, Қажымұқан Есімханов, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Оспанбек Боранбаев және осы саланың майталманы Тұрсын Мұқановты Болат ағамыздың өмірдегі тәлімгері десе болады. Осы кісілердің ортасында жүріп тағылымды тәрбие алды. Үлкендерді сыйлау, кішілерге ізет жасау, айналасындағы адамдарға сый-құрмет, кішіпейілділік, шыдамдылық, мейірімділік көрсету, ашуға берілмеу осы ортадан алған еншісі. Әсіресе, кез-келген мәселені шешерде он ойланып, тоғыз толғанып асықпай шешім қабылдаудың қызмет барысында пайдасы мол екені анық. Алдындағы ағаларының бәрінің де білімді, білікті, мейірімді, қайырымды, ұстамды, орнықты, өмір көрген кісілер болғаны Бөкеңнің алар асуын биіктете түсті.

Өмір жолы біз ойлағандай теп-тегіс болмапты. «Неңді сенің аңсаймын бала шағым» деп Мұқағали ақын жырлағандай балалық кезеңі тым жұтаң. Әкенің соғысқа барған ізі бар, қайтқан ізі жоқ. Жалғыз шешесінің жан алып, жан берісендей тынымсыз тірлігін көріп өсті. Армандаған оқуын бітірді, анасының қолын ұзартып үйленді. Перзент көрді, қызметке араласты. Алайда енді жетілдім бе дегенде қосағынан айырылды, қамшының сабы сынды. Дегенмен тағдыр сынағына сынбады, балаларына мейірімді ана, анасына тәрбиелі келін іздеді. Тапты да. Адал сүт емген жар жолықты, ұл-қыз сүйді, ұрпақ жалғасты. Балаларының барлығы жоғары білімді, тәрбиелі, білікті. Ел назарында жүретін жалғасының барына шүкіршілік етеді ағамыз. Өз басы рухы мықты замандастарының сапында. Атағы ауданнан асып облысқа, республикаға белгілі батагөй. Берген батасының мағынасы терең, тақырыпқа сай түрленіп отырады. Ежелгі жыр-аңыздарды жақсы біледі. Қазақ қаламгерлерінің шығармаларынан үзінді оқиды, әлі күнге дейін жады мықты, ақындардың өлеңдерін жатқа біледі, жазушылардың орынды сөздерін, орайын тапқан әзіл-қалжыңдарын жақсы отырыстарда сөзіне арқау етеді. Белгілі композитор жерлесіміз Күнсайын Қуатбаевпен достығын, екеуінің оқуға бірге барғанын есіне алады. Халқымыздың өскелең өнерін сәулетті де сәнді сарай десек, «Таңсәріде» сынды өміршең әндерімен жұрт жадында мәңгі қалған Күнсайын досын сол сарайдың шаңырағын ұстап тұрған алтын уықтарының біріне балайды. Кейіннен Күнсайын арқылы қазақ сатирасының белді өкілі Оспанхан Әубәкіровпен бірге жүрген кездің сәулелі сәттерін қызықтыра отырып әңгімелейді. Өнердің өз перзенті, талантты тұлға есімінің туған жерінде жаңғыруына ағамыз бір адамдай үлес қосып келеді.

Зайыбы ардагер ұстаз, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Тұрсынхан Нұрбатырқызы екеуі 50 жылдан артық ғұмыр кешіп, ұрпағының қызығын көру бақытына ие болды. 7 бала тәрбиелеп өсіріп, барлығының да өркен жайғанына, көгеріп-көктегеніне куә болды. Бүгінгі таңда 90 жасты еңсерген абыз ақсақал 15 немере, 24 шөбере сүйіп, шөпшектің қолынан май жалап, үрім-бұтағын басқосуларда әңгімесіне арқау етіп отырады.

Өзі айтқандай жақсылармен жанасып жүрген, жарлыға қарасып жүрген, шалқудың шамасын білген, ақ-қараның арасын білген ақсақалымыздың ақыл-парасатымен кейінгіге айтар өсиеті мен жас буынға беретін өнегесі таусылмасын!

**Жомарт ИГІМАН,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

БАЙҚАУ

# Таланттарды тоғыстырған

